# Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қазандағы N 1072 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 ақпандағы N 119 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін және жыл сайын, 10 маусымнан және 10 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне Жоспар іс-шараларының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жылына екі рет, есепті жарты жылдан кейінгі айдың 25-күніне Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 26 қазандағы
N 1072 қаулысымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы сот сараптамасы жүйесін дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2006-2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.31. N 481 , 2006.10.31 N 1031 қаулысымен.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| Р/с N | Іс-шаралардың атауы | Аяқталу нысаны | Орындалуына (іске асырылуына) жауапты | Орындалу |
| --- | --- | --- | --- | --- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | (іске асыру) мерзімі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| **1. Сот сараптамасы мен сот сараптамасы қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру** | | | | |
| 1. | "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот сараптамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | Әділетмині (жинақтау), ДСМ | 2005 жылғы қараша |
| 2. | Қазақстан Республикасындағы сот сараптамасы қызметін ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің тиімділігіне талдау жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Әділетмині (жинақтау), ДСМ | 2006 жылғы қараша |
| **2. Сот сараптамасы органдарының құрылымын жетілдіру** | | | | |
| (алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.10.31. N 1031 қаулысымен) | | | | |
| 2. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының базасында оған ғылыми зерттеулерді жүргізу, аса күрделі сараптамалар жүргізу, сот сараптамасы органдарының қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру функцияларын бере отырып, ғылыми-зерттеу институтын құру | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | Әділетмині | 2007 жылғы шілде |
| 3. | Төрт стационарлық бөлімше ашу мәселесін шешу үшін облыстардағы сот-психиатрия сараптамасы комиссияларының жұмысына талдау жүргізу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Әділетмині (жинақтау), ДСМ | 2006 жылғы қазан |
| **3. Сот сараптамасы** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **қызметін ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру** | | | | |
| 1. | Ведомствоаралық ғылыми-әдістемелік сот сараптамасы кеңесін құру | мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен бұйрығы | Әділетмині (жинақтау), ДСМ, БҒМ | 2006 жылғы мамыр |
| 2. | Құқық қорғау органдары мен соттардың сот сараптамасын тағайындауды ұйымдастыруы мәселелері жөніндегі оқу және әдістемелік құралдарды дайындау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Әділетмині (жинақтау), ДСМ | Жыл сайын 25 қаңтар |
| 3. | Сот сараптамасы әдістемелелерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру | Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы | Әділетмині (жинақтау), ДСМ | 2008 жылғы қараша |
| 4. | "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесі" ресми сайтын құру | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ақпарат | Әділетминінің ССО | 2006 жылғы тамыз<br>2007 жылғы мамыр<br>2008 жылғы мамыр |
| 5. | Сот сараптамасы қызметі саласында, соның ішінде алыс шетелдермен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту | Ынтымақтастық туралы шарттар | Әділетмині (жинақтау), ДСМ, СІМ | 2007 жылғы - қаңтар<br>2008 жылғы қараша |
| **4. Сот сараптамасы қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру** | | | | |
| 1. | Сот сараптамасы органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Әділетмині (жинақтау), ДСМ | Жыл сайын 25 қаңтар |
| 2. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының Ақмола, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан зертханаларын құрылыс және санитарлық-техникалық | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Әділетмині | 2006 жылғы мамыр |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | нормативтерге сәйкес келетін үй-жайлармен қамтамасыз ету | | | 2007 жылғы қаңтар<br>2008 жылғы қаңтар |
| 3. | Сот сараптамасы орталығы зертханаларының техникалық базасын "Сот сараптамасының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 7 қарашадағы N 1414 қаулысымен бекітілген стандарттарға сәйкес келтіру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Әділетмині | 2006 жылғы маусым<br>2007 жылғы қаңтар<br>2008 жылғы қаңтар |
| 4. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының аумақтық бөлімшелеріндегі бейнефонографиялық сараптама үшін мамандандырылған зертханаларды жабдықтау | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Әділетмині | 2006 жылғы шілде<br>2007 жылғы қаңтар<br>2008 жылғы қаңтар |
| 5. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығының Орталық (Алматы), Астана қаласының, Шығыс Қазақстан зертханаларын сот молекулярлық-генетикалық сараптама жүргізуге арналған жабдықпен толықтыру | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Әділетмині | 2006 жылғы тамыз<br>2007 жылғы қаңтар<br>2008 жылғы қаңтар |
| | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығының аумақтық бөлімшелеріндегі компьютерлік | | | 2006 жылғы қыркүйек<br>2007 жылғы қаңтар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6. | технология құралдарының сот сараптамасы үшін мамандандырылған зертханаларын жабдықпен қамтамасыз ету | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Әділетмині | 2008 жылғы қаңтар |
| **5. Сот сараптамасы қызметін кадрмен қамтамасыз ету** | | | | |
| 1. | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Сот сараптамасы орталығының штат санын ұлғайту | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Әділетмині | 2007 жылғы қараша |
| 2. | Сарапшы кадрларды іріктеу, кәсіби даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін әзірлеу | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Әділетмині (жинақтау), ДСМ | 2008 жылғы наурыз |
| | Жиыны | | | |

кестенің жалғасы

| Р/с N | Болжанып отырған шығыстар | | | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|
| | 2006 ж. | 2007 ж. | 2008 ж. | |
| 1 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| **1. Сот сараптамасы мен сот сараптамасы қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру** | | | | |
| 1. | Талап етілмейді | | | |
| 2. | Талап етілмейді | - | - | - |
| **2. Сот сараптамасы органдарының құрылымын жетілдіру** | | | | |
| 1. | Талап етілмейді | - | - | - |
| 2. | - | * | - | Республикалық бюджет |
| 3. | Талап етілмейді | | | |
| **3. Сот сараптамасы қызметін ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру** | | | | |
| 1. | Талап етілмейді | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Талап етілмейді | Талап етілмейді | Талап етілмейді | - |
| 3. | - | - | Талап етілмейді | - |
| 4. | 1161,0 мың теңге* | 148,0 мың теңге* | 155,0 мың теңге* | Республикалық бюджет |
| 5. | - | * | * | Республикалық бюджет |
| **4. Сот сараптамасы қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру** | | | | |
| 1. | Талап етілмейді | Талап етілмейді | Талап етілмейді | - |
| 2. | 30000,0 мың теңге * | | | Республикалық бюджет |
| | | * | | |
| | | | * | |
| 3. | 248165,0 мың теңге * | | | Республикалық бюджет |
| | | 95381,0 мың теңге * | | |
| | | | 117411,0 мың теңге* | |
| 4. | 19700,0 мың теңге * | | | Республикалық бюджет |
| | | 30496,0 мың теңге * | | |
| | | | 32021,0 мың теңге* | |
| 5. | 1375,0 мың теңге * | | | Республикалық бюджет |
| | | * | | |
| | | | * | |
| | 20266,0 мың теңге * | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6. | | 20502,0 мың теңге * | | Республикалық бюджет |
| | | | 21527,0 мың теңге* | |
| **5. Сот сараптамасы қызметін кадрмен қамтамасыз ету** | | | | |
| 1. | - | * | * | Республикалық бюджет |
| 2. | - | - | Талап етілмейді | - |
| | 320667,0 мың теңге* | 146527,0 мың теңге* | 171114,0 мың теңге* | Республикалық бюджет |

Ескертпе:

* - сомалар тиісті жылға арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады;

Әділетмині - Әділет министрлігі;

ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі;

СІМ - Сыртқы істер министрлігі;

Қорғанысмині - Қорғаныс министрлігі;

БҒМ - Білім және ғылым министрлігі;

Әділетминінің ССО - Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК